

**Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігі
мен «INNARI инновациялық табиғи суару» жауапкершілігі шектеулі
компаниясы арасындағы
ӨЗАРА ТҮСІНІСТІК ЖӘНЕ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ТУРАЛЫ
МЕМОРАНДУМ**

Берлин К.

22 мамыр 2024 жыл

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігі мен «INNARI инновациялық табиғи суару» жауапкершілігі шектеулі компаниясы (бұдан әрі – «INNARI» компаниясы)

достық қатынастарды дамытуға, жан-жақты стратегиялық ынтымақтастық пен әріптестікті дамытуға, сондай-ақ екі жақты қатынастарды су шаруашылығы саласындағы жаңа мазмұнмен толықтыратын «INNARI» компаниясының инновациялық технологияларын Қазақстанда енгізуге жәрдемдесуге ниет білдіре отырып,

су ресурстарын қорғау және пайдалану саласындағы халықаралық ынтымақтастықтың маңыздылығын мойындай келе,
мына мәселелер бойынша өзара түсіністікке келді:

1 – бап

Осы Меморандумның мақсаты теңдік және өзара түсіністік қағидаты негізінде су ресурстарын басқару саласында өзара ұзақ мерзімді ынтымақтастықты орнату болып табылады.

2 – бап

Тараптар су ресурстары саласындағы екіжақты қатынастарды ілгерілетуде мына бағыттарда маңызды рөл атқаратын байланыстарды нығайтуды жалғастыруға ниет білдіреді:

1. су ресурстарын тиімді пайдалану және ынталандырушы реттеу;
2. суды үнемдеу технологияларын енгізуге және су ресурстарын қайта пайдалануға жәрдемдесу;
3. инновациялар мен технологиялар саласында, атап айтқанда, деректерді алу (қашықтықтан зондтау мүмкіндіктерін пайдалану), басқару және өндеу саласында тәжірибе алмасу;
4. су ресурстарын бірігіп басқару, бассейнді басқару және бірлескен жоспарлау;
5. Қазақстанда Ирригация саласындағы құзыреттер орталығын құру мүмкіндігі;
6. піpotube жер асты тамшылатып суару түтіктерін шығару сұрағын қарастыру;
7. су тасқыны мен құрғақшылық қаупін басқаруда тәжірибе алмасу;

8. су ресурстары есебін жүргізуді және мониторингті цифрландыру бойынша тәжірибе алмасу;
9. бірлескен ғылыми зерттеулер жүргізу және техникалық алмасу;
10. су ресурстарын басқару және инженерлік білім беру бойынша білікті мамандар даярлау.

3 – бап

Осы Меморандум Тараптар арасындағы ынтымақтастықтың жалпы мәселелерін реттейді. Тараптар осы Меморандумның, сондай-ақ Тараптардың мемлекеттері қатысушылары болып табылатын су ресурстары саласындағы халықаралық шарттардың негізінде өзара іс-қимыл жасайтын болады.

Осы Меморандум 1969 жылғы Халықаралық шарттардың құқығы туралы Вена конвенциясының мағынасы бойынша халықаралық шарт болып табылмайды және Тараптар мен олардың мемлекеттері үшін халықаралық құқыппен реттелетін құқықтар мен міндеттемелер тудырмайды, сондай-ақ Тараптарға қандай да бір мүліктік және қаржылық міндеттемелер жүктемейді.

4 – бап

Осы Меморандумды іске асыру мақсатында Тараптар су ресурстары саласында тұрақты кеңестер, кездесулер, конференциялар мен семинарлар, дөңгелек үстелдер өткізетін болады.

Тараптар алдағы уақытта барлық деңгейдегі тығыз байланыстарды және су шаруашылығы мен ирригация саласындағы екіжақты қарым-қатынастардың маңызды мәселелері бойынша пікір алмасуды жалғастыратын болады.

5 – бап

Егер әрбір нақты жағдайда өзгеше тәртіп келісілмесе, Тараптар осы Меморандумды орындау барысында туындайтын шығыстарды дербес көтереді.

Егер осы Меморандум шеңберінде әзірленген бірлескен іс-әрекеттер қаржыландыруды талап етсе, онда мұндай іс-әрекеттер жеке келісіммен ресімделетін болады.

6 – бап

Осы Меморандумға Тараптардың өзара жазбаша келісімі бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.


7 – бап

Бұл Меморандум екі Тарап қол қойған күннен бастап шектеусіз уақыт кезеңіне қолданылады.

Тараптардың кез келгені осы Меморандумды қолдануды тоқтатудың болжамды күніне дейін 3 (үш) ай бұрын басқа Тарапқа жазбаша хабарлама жіберу арқылы кез келген уақытта тоқтата алады.

2024 жылғы «22» тамыз Берлин қаласында ағылшын тілінде екі түпнұсқа данада қол қойылды.

Қазақстан Республикасы
Су ресурстары және ирригация
министрлігі тарапынан



Бірінші Вице-Министр
Болат БЕКНИЯЗ

«INNARI инновациялық табиғи суару»
жауапкершілігі шектеулі компаниясы
тарапынан



Басқарушы директор
Ян Фридель